



ZANGAZET

✉ zangazet@mail.ru

Газеті

WWW.ZANGAZETIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

№27 (3152) 12 сәуір 2019



БҮГІНГІНІҢ БАСТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ЖЕТІСТІКТІҢ КІЛТІ

Әрбір Жолдау – Қазақстанды дамытуға арналған қадамның қорғаушы күші. Елбасы биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында бүгінгі күнгі өте маңызды он саланы санамалап айтып берді. Қазақ елі жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуды үшін цифрлы технологияны жетік меңгеруі маңызды. Мысалы, электронды қызмет көрсетуді жетілдірудегі негізгі мақсат – халыққа сапалы қызмет көрсету. Ел онлайн қызметті пайдалану арқылы уақыт үнемдейді. Біз әлі де болса, халыққа цифрлы қызмет көрсетудің тетіктерін жетік түсіндіруіміз қажет. Көпшілікке жаңа жүйелердің жетістіктерін күн сайын жедел насихаттап отырған орындарды. Ақпарат жеткілікті болса, әркім өзіне қажет қызметті дер кезінде ала алады. Компьютер, смартфонның мүмкіндіктерін толық, тиімді пайдаланудың жолын ұсынған жөн. Қазіргі

кезде интернеттің көмегімен теміржол, әуебилеттерін сатып алу, коммуналды төлемдерді, қаржы аударымдарын электронды түрде төлем жасау кеңінен қолданыста. Бұрынғыдай кезекте тұрып, билет алу үшін ел вокзалға барып уақыт жоғалтпайды. Тұрғын үй алу үшін қажетті құжаттарды, оқуға, жұмысқа тұруға қажетті анықтамаларды арнайы орталыққа бармай-ақ үйде, жұмыс орнында отырып алуға және тиісті мекемеге онлайн тапсырыс беруге мүмкіндік жасалуда. Мұның барлығы халықтың күнделікті тіршілігіне өте қажет. Ең бастысы, қызмет көрсету сапасы артады. Цифрлы технология өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Қашықтықтан білім алу, электронды кітап оқу, емханаға бармай-ақ дәрігердің қабылдауына жазылу, қажетті тауарға үйден шықпай-ақ тапсырыс беру – цифрлы экономиканы дамытудың кілті.

Осыған байланысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-

дің оқытушылары, профессорлары жаңа технологияны қолдана отырып студенттердің білімін арттыруда. Соның арқасында көптеген ғылыми жаңалықтар ашылуда. Қазақстанда «ақылды технологиялардың» көмегімен агро-өнеркәсіпті қарқынды дамытудың барлық мүмкіндігі бар.

Жолдауда айтылған бүгінгі қоғамдағы маңызды мәселенің бірі – адами капиталды дамыту. Ол үшін елдің әлеуметтік тұрмысын жақсартуға баса назар аударылып отыр. Дағдарыс жағдайында әлеуметтік салаға баса назар аудару – өте маңызды шешім. Одан соң, білім беруді жетілдіру, оңтайландырудағы мәселелер шешімін табады. Халықаралық оқу стандарттарға сай келетін заманауи оқу бағдарламаларын қолданысқа енгізу білім сапасын жоғарылатады. Мұғалімнің әлеуметтік жағдайының жақсаруы – білікті мамандарды даярлаудың алғышарты. Елбасы мұғалімдердің жалақысына 30-50 пайызға дейін қосылатынын айтты. Осы мақсатта биыл қосымша

67 миллиард теңге бөлінбек. Жолдауда айтылған әрбір бағыттың берері көп. Тек соны тиімді пайдалануға күш салуымыз қажет.

Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынған Елбасының Жолдауы – бір күнде айтыла салған әңгіме емес, бұл елдің болашағы үшін тереңнен толғанып шешілген өте маңызды тарихи құжат. Сондықтан да, Елбасы Жолдауын ҚазҰУ-дың жастары да мұқият тыңдады, енді ел болып қолдау білдірейік. Сонда ғана біздің Қазақстан ата-бабамыз армандаған қуатты елге айналары сөзсіз.

А.ЖУНИСЖАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және битехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушысы
Г.АТАНБАЕВА,
биотехнология кафедрасының оқытушысы